






С.А. Никифорова¹ , А.А. Инджиголян² ,
А.С. Ламанова¹ , М.Т. Әли^{1*} , М.Г. Чухрова³ 

¹Қарағанды медицина университеті, Қарағанды, Қазақстан

²Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті, Қарағанды, Қазақстан

³Новосибирск мемлекеттік экономика және басқару университеті, Новосибирск, Ресей

*e-mail: m.alieva@qmu.kz

«COVID-19» ПАНДЕМИЯСЫ ЖАҒДАЙЫНДА ИНФЕКЦИЯЛАРДЫ ТАРАТПАУ ЖӨНІНДЕГІ ПРОФИЛАКТИКАЛЫҚ ЖҰМЫСТЫ АҚПАРАТТЫҚ СҮЙЕМЕЛДЕУДІҢ ТИІМДІЛІГІН ӘЛЕУМЕТТАНУЛЫҚ ТАЛДАУ ЖӘНЕ БАҒАЛАУ

Зерттеу тақырыбына кіріспе: мақалада 2022-2023 жылдары Қарағанды медицина университетінің және академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің қызметкерлермен жүргізілген COVID-19 пандемиясы жағдайында жаңа респираторлық инфекциялардың, оның ішінде коронавирустық инфекцияның таралуының алдын алу бойынша профилактикалық жұмыстардың ерекшеліктеріне әлеуметтанулық зерттеу нәтижелері берілген.

Ғылыми зерттеудің мақсаты, негізгі бағыттары мен идеялары: әлеуметтанулық талдау және COVID-19 пандемиясы жағдайында инфекциялардың таралуын болдырмау бойынша профилактикалық жұмыстарды ақпараттық қамтамасыз етудің тиімділігін бағалау болды.

Жұмыстың ғылыми-тәжірибелік маңыздылығы: медициналық дағдарыс жағдайында бір жағынан мемлекет, денсаулық сақтау жүйесі және екінші жағынан халық арасындағы байланыстың әртүрлі үлгілері мен әдістерін енгізу саласындағы әлемдік тәжірибені қорытуда жатыр. Эпидемиялар мен инфекциялардың алдын алу және бақылауды ақпараттық қамтамасыз етуді жүзеге асырудың тиімділігін бағалау және өлшеу әдістемесі ұсынылды.

Зерттеу әдістемесінің қысқаша сипаттамасы: медициналық ақпаратты тұтынушы ретінде Қарағанды облысының тұрғындары арасында Google формасы арқылы сауалнама жүргізу.

Зерттеу жұмысының негізгі нәтижелері мен талдаулары, қорытындылары: тәжірибе көрсеткендей, халыққа медициналық ақпаратты өндіру мен жеткізудің тетіктері мен құралдары ретінде коммуникациялар мен бұқаралық ақпарат құралдарының жаһандық эпидемиялар мен пандемия жағдайында үлкен маңызы бар екендігі тұжырымдалған.

Жүргізілген зерттеудің құндылығы (бұл жұмыстың тиісті білім саласына қосқан үлесі): халықтың медициналық ақпаратты тұтыну құрылымының өзгеруін және сандық бұқаралық ақпарат құралдарының әсер етудің күшеюін ескере отырып, профилактикалық жұмыстардың тиімділігін арттыру бойынша ұсыныстар әзірлеу болып табылады.

Жұмыс нәтижелерінің практикалық маңыздылығы: пандемия кезіндегі ақпараттың халыққа әсері туралы әлеуметтанулық зерттеу нәтижелерін ұсыну болып табылады.

Түйін сөздер: алдын алу, медициналық ақпарат, ақпараттық қолдау, COVID-19, цифрландыру, денсаулық сақтау, байланыс.

S.A. Nikiforova¹, A.A. Injigolyan², A.S. Lamanova¹, M.T. Ali^{1*}, M. Chukhrova³

¹Medical University of Karaganda, Karaganda, Kazakhstan

²Academician E.A. Buketov Karaganda National Research University, Karaganda, Kazakhstan

³Novosibirsk State University of Economics and Management, Novosibirsk, Russia

*e-mail: m.alieva@qmu.kz

Sociological analysis and evaluation of the effectiveness of information support of preventive work to non-spread infections during the COVID-19 pandemic

Introduction to the topic of the study: the article presents the results of a sociological study on the features of preventive work to prevent the spread of new respiratory infections, including coronavirus infection in the context of the COVID-19 pandemic, conducted in 2022-2023 by employees of the Karaganda Medical University and the Karaganda University named after Academician E.A. Buketov.

The goal, main directions and ideas of the scientific research were the sociological analysis and assessment of the effectiveness of information support for preventive work to prevent the spread of infections in the context of the COVID-19 pandemic.

The scientific and practical significance of the work lies in generalizing world practice and experience in the implementation of various models and methods of communication between the state, the public health system, on the one hand, and the population, on the other, in a crisis medical situation. A methodology for assessing and indicators for measuring the effectiveness of the implementation of information support for the prevention and control of epidemics and infections was proposed. Brief description of the research methodology: conducting a survey using a questionnaire through a Google form among the population of the Karaganda region as a consumer of medical information.

Main results and analysis, conclusions of the research work: conclusions are formulated that, as practice has shown, communications and mass media as mechanisms and means of producing and transmitting medical information to the population are of great importance in the context of global epidemics and pandemics.

The value of the study (the contribution of this work to the relevant field of knowledge is the development of recommendations for improving the effectiveness of preventive work, taking into account the change in the structure of consumption of medical information by the population and the increasing influence of digital media.

The practical significance of the results of the work is the presentation of the results of a sociological study on the impact of information on the population during a pandemic.

Keywords: prevention, medical information, information support, COVID-19, digitalization, public health, communication.

С.А. Никифорова¹, А.А. Инджиголян², А.С. Ламанова¹, М.Т. Эли^{1*}, М.Г. Чухрова³

¹Карагандинский медицинский университет, Караганда, Казахстан

²Карагандинский национальный исследовательский университет имени академика Е.А. Букетова, Караганда, Казахстан

³Новосибирский государственный университет экономики и управления, Новосибирск, Россия

*e-mail: m.alieva@qmu.kz

Социологический анализ и оценка эффективности информационного сопровождения профилактической работы по нераспространению инфекций в условиях пандемии «COVID-19»

Вступительное слово о теме исследования: в статье изложены результаты социологического исследования по изучению особенностей профилактической работы по нераспространению новых респираторных инфекций, включая коронавирусную инфекцию в условиях пандемии COVID-19, проведенного в 2022–2023 годах сотрудниками Карагандинского медицинского университета и Карагандинского университета имени академика Е.А. Букетова.

Целью, основными направлениями и идеями научного исследования стали социологический анализ и оценка эффективности информационного сопровождения профилактической работы по нераспространению инфекций в условиях пандемии «COVID-19».

Научная и практическая значимость работы заключается в обобщении мировой практики и опыта в сфере реализации различных моделей и методов коммуникаций между государством, системой общественного здравоохранения, с одной стороны, и населением с другой, в условиях кризисной медицинской ситуации. Была предложена методология оценки и индикаторы измерения эффективности реализации информационного сопровождения профилактики и борьбы с эпидемиями и инфекциями.

Краткое описание методологии исследования: проведение опроса методом анкетирования через Google-форму среди населения Карагандинской области как потребителя медицинской информации.

Основные результаты и анализ, выводы исследовательской работы: сформулированы выводы о том, что, как показала практика, огромное значение в условиях глобальных эпидемий и пандемий имеют коммуникации и средства массовой информации как механизмы и средства производства и передачи медицинской информации населению.

Ценность проведенного исследования (внесенный вклад данной работы в соответствующую область знаний) заключается в разработке рекомендации по повышению эффективности профилактической работы с учетом изменения структуры потребления медицинской информации населением и усилением влияния цифровых СМИ.

Практическим значением итогов работы является изложение результатов социологического исследования по изучению воздействия информации во время пандемии на население.

Ключевые слова: профилактика, медицинская информация, информационное сопровождение, COVID-19, цифровизация, общественное здравоохранение, коммуникация.

Кіріспе

Қазіргі қоғамдар макродеңгейде де, микродеңгейде де әлеуметтік өмірдің және адамдардың мінез-құлқының барлық салаларында әртүрлі ауытқулардың, өзгерістердің, тұрақсыздықтардың күрт өсуімен сипатталады. Бұл процестер ғаламдық сипатқа ие. Кез келген социумдар қоғамдардың даму сатысына, оларды мекендеген халықтардың әлеуметтік-мәдени, психологиялық, менталдық ерекшеліктеріне, өмір сүру деңгейіне және экономикасының жағдайына қарамастан, оларға сезімтал. Қазіргі әлеуметтанушылар түсіндіріп отырғандай, бұл үрдіс объективті сипатқа ие және адам психикасының ерекшеліктерімен де, оның үстемдікке және конфликтке табиғи бейімділігімен де, қазіргі қоғамдар құрылымындағы өзгерістермен де байланысты. Институционалдық деңгейде әлеуметтік тұрғыдан өмірдің барлық салалары ақпараттық технологиялардың әсерінен күрделене түсуде, ал психология мен адам мінез-құлқы деңгейінде адамның психологиялық тұрғыдан осалдығы артып, құндылық бағдарларының және нормалары өзгеру үрдісі жүргізілуде. Материалдық мақсаттар мен тұтыну құндылықтар құрылымында абсолютті үстемдік ете бастайды, бұл лайықты жалақы, табыс пен өмір сапасы үшін бәсекелестіктің күшеюіне әкеледі. Осы жағдайларда қоғамның әртүрлі салаларында жаңа ішкі және сыртқы сын-қатерлер мен қауіптер пайда болуда, олардың әрекет ету жылдамдығына және шешу жылдамдығына жалпы адамзаттың, оның ішінде жекелеген халықтар мен қоғамдардың қауіпсіздігі мен өмір сүру мәселелері тәуелді.

Тұрақсыздықтың күшеюінің осы жағымсыз жаһандық процестерін растау және заманауи қоғамдардағы өмір негіздеріне жаңа сын-қатерлер COVID-19 пандемиясы кезінде халық арасында жаңа респираторлық инфекциялардың, соның ішінде коронавирустық инфекцияның таралу феноменіне айналды.

Тәжірибе көрсеткендей, жаһандық эпидемиялар мен індеттер жағдайында коммуникациялар мен бұқаралық ақпарат құралдарының медициналық ақпаратты өндіру және халыққа тарату тетіктері мен құралдары ретінде үлкен маңызы бар. COVID-19 пандемиясы дамыған цифрлық қоғамда пайда болған алғашқы пандемия болды. Коронавирустық инфекцияның қауіптері, таралу жолдары, алдын алу шаралары және профилактикасы туралы халықты жедел хабардар ету үшін пандемия кезінде мемле-

кеттік және денсаулық сақтау органдары жаңа цифрлық БАҚ-ның халыққа тікелей әсер етудің және қамтудің шексіз мүмкіндіктерін барынша пайдаланды.

Дегенмен, жаңа респираторлық инфекциялардың пайда болуының және пандемия түріндегі коронавирустық инфекцияның таралмауының алдын алу бойынша профилактикалық жұмыстарды ақпараттық қамтамасыз етудің әлемдік және отандық тәжірибесінің нәтижелері мен тиімділігін бағалау бойынша жұмыс әлі де жалғасуда. Осыған сүйене отырып, теориялық талдау мен эмпирикалық зерттеулердің мақсаты осы саладағы жинақталған тәжірибені қорытындылау, Қарағанды облысында пандемия кезінде жүргізілген ақпараттық науқанның тиімділігін бағалау әдістемесін әзірлеу және қолдану, сондай-ақ пандемия сабақтарын ескере отырып, мемлекеттік органдарды басқару және денсаулық сақтау органдарының халықпен байланысының нысандары мен әдістерін жетілдіру бойынша ұсынымдарды тұжырымдау қажеттілігі болды.

Әдебиетке шолу

Коронавирустық инфекцияның алдын алу, таралуы мен оның салдарымен күресу бойынша ақпараттық қолдау науқандарын жүргізетін әртүрлі мемлекеттердің халықаралық тәжірибесі тәсілдердегі, саяси және әлеуметтік-экономикалық жағдайлардағы және денсаулық сақтау жүйелеріндегі айырмашылықтарға қарамастан, кейбір ортақ табыстар мен жоғары тиімділіктің мысалдарымен қатар байланыс және індеттің жағымсыз салдарын жылдам еңсеру міндетін қиындатқан кедергілер мен тосқауылдарды де көрсетеді.

Пандемиядан кейінгі жағдайдың қазіргі кезеңінде ғалымдар, әртүрлі елдердің өкілдері инфекцияның таралуына қарсы күресте ақпараттық жұмыс пен коммуникациялық қолдау көрсетудегі жекелеген мемлекеттердің тәжірибесін жинақтау және жүйелеу, жалпы және ерекше мүмкіндіктерін, күшті және әлсіз жақтарын белгілеп, бірқатар ұсыныстарды ұсынады.

Осылайша, ағылшын ғалымдары пандемия кезінде мемлекет, денсаулық сақтау жүйесі және қоғам арасындағы коммуникация моделін тандау мен енгізудегі аймақтық ерекшеліктерді зерттей келе, пандемия кезінде мемлекет пен медицинаның араласуы «еркін» мәдениет пен мінез-құлыққа төзбеушілік арасында жоғары кор-

реляция бар және осы факторлардың арасында кері байланысы да бар деген қорытындыға келді (2020). Мұндай мемлекеттердегі менеджерлер, дәрігерлер және қоғам арасындағы қарым-қатынас моделі мен стратегиялары императивті тыйымдар мен талаптардан гөрі ұсыныстарға негізделген.

Қытайлық зерттеушілер (2020) Қытай, Жапония, Швеция және Франция сияқты елдерде институционалдық тетіктерді, ұлттық мәдени бағдарларды және COVID-19 әрекет ету стратегияларының коммуникациялық модельдерін салыстырмалы елтанулық зерттеу жүргізді. Бұл елдердің таңдалуы кездейсоқ емес, өйткені бұл елдердің менеджерлері мен дәрігерлері COVID-19-ға әрекет етудің әртүрлі стратегияларын ұстанды, бұл ковидтен кейінгі кезеңде кәсіпқойлар мен қалың жұртшылықтың назарын аударып, жаһандық пікірталас тудырды. Зерттеу нысаны ашық дереккөздерден алынған деректер болды: үкіметтің баспасөз хабарламалары, брифингтер, жаңалықтар мақалалары. Зерттеу нәтижелеріне сүйене отырып, ғалымдар Қытай мен Франция сияқты біртекті үкімет пен денсаулық сақтауды басқару құрылымы бар орталықтандырылған елдер дағдарысқа ақпараттық әсер етудің және шектеу шараларын сақтау тұрғысынан жауап берудің қатаң әдістерін және оқшаулау шаралары және ерте диагностика шаралары оңайырақ енгізе алады деген қорытындыға келді. Ал Швеция және Жапония сияқты орталықтандырылмаған елдерінде азаматтардың шектеулері аса қатты емес болып, жеке жауапкершілік пен өзін-өзі тәртіпке баса назар аударылады.

Италияда, зерттеулер көрсеткендей, Facebook әлеуметтік желісі пандемия кезінде халық пен жергілікті билік арасындағы байланыстың маңызды құралына айналды. Бұл әлеуметтік желі жергілікті өзін-өзі басқару органдары – муниципалитеттер үшін байланыс құралы мен медициналық ақпарат көзіне айналды (2020). Италияның пандемияға қарсы әрекет ету тәжірибесі өте құнды, өйткені бұл ел әлемде инфекция мен өлім деңгейі ең жоғары болған алғашқылардың бірі болды.

Шығыс Азия елдерінің – Оңтүстік Корея, Гонконг, Сингапур және құрылықтық Қытай тәжірибесін зерделеуге ерекше назар аудару қажет, бұл елдердің саяси жүйелердегі және саяси сенім деңгейіндегі айырмашылықтарға қарамастан, мәжбүрлеу саясатына ойша берілген азаматтардың шығыстық адалдық феноменімен сипатталады (2020). Бұл ерекшелік, профилактикалық

жұмыс тәжірибесі көрсеткендей, мемлекет пен қоғам, үкімет пен денсаулық сақтау құрылымдары және қоғам арасындағы коммуникациялық қатынастарды құруға түбегейлі әсер етеді. Кейбір зерттеушілер осы елдердегі пандемиялық коммуникация үлгісінің басым әскери сипатын атап өтті (2020).

Жеке денсаулық сақтау құрылымдары мен халық арасында, атап айтқанда, цифрлық кеңістікте байланыс модельдерін құрудың еларалық зерттеулері де назар аударуды қажет етеді. Осылайша, ғалымдар үш елдің: Сингапурдың – Facebook-тегі аккаунты Ministry of Health (MoH), АҚШ – Facebook-тегі аккаунты Centers for Disease Control and Prevention (CDC) және Ұлыбританияның – Facebook-тегі аккаунт PHAs денсаулық сақтау органдарының Facebook желісіндегі медиалық қызметіне талдау жасады (Raamkumar, Tan, Wee, 2020). Зерттеу COVID-19 туралы хабарламалардың негізгі тақырыптары, пікірлерді талдау, денсаулық сақтау құрылымдарының пікірлеріне реакциясының жиілігі және қоғамдық тәртіпсіздікті тудыруы және билік пен ресми медицинаның беделіне нұқсан келтіруі мүмкін пікірлердің қаншалықты кең таралғаны туралы сұрақтарға назар аударды. Зерттеулер жазбалардың жиілігінде де, қарастырылған тақырыптарда да айтарлықтай айырмашылықтарды анықтады. Атап айтқанда, Сингапурдың денсаулық сақтау органдарының коммуникациялық моделі АҚШ пен Англиямен салыстырғанда тиімдірек және серпінді болып шықты.

Норвегия үкіметінің дағдарыс жағдайында халықпен коммуникация құрудағы табысты іс-әрекеттері пандемиямен күресу кезінде ақпараттық қолдау мен халықпен жұмыс істеудің артықшылықтары ретінде, үкімет өкілдерінің беделіне және медицина қызметкерлерінің мәртебесін сақтауға ерекше көңіл бөлуі жоғары бағаланды (Figenschou, Thorbjørnsrud, 2018). «Біз бірге жұмыс істейміз» халықпен өзара іс-қимылдың сәтті таңдалған форматы мемлекеттік органдарға тәуекелдер мен қауіптердің артуына қарамастан өз беделін және денсаулық сақтау жүйесінің беделін сақтауға және нығайтуға, ал қоғамды біріктіруге мүмкіндік берді.

Норвегиялық басқа да бірқатар ғалымдар Норвегия денсаулық сақтау министрлігінің жұмысын сараптады. Пандемия кезінде осы мемлекеттік органның қарым-қатынасы тұрғысынан авторлар ақпараттық алдын алу науқанын жүргізу кезінде бір командада жұмыс істейтін ресми ақпарат жеткізушілердің екі түрін: мемлекеттік

ақпарат беруші мен мемлекеттік PR маманын біріктіруді пайдаланудың тиімділігін атап өтті (Christensen, Lægreid, 2020).

Ағылшын ғалымдары (McGuire, Cunningham, Reynolds, Matthews-Smith, 2020) Жаңа Зеландияның лейбористтік партиясының көшбасшысы Джасинда Ардерннің премьер-министр ретіндегі қызметін мысалға ала отырып, пандемиядағы тиімді харизматикалық саяси көшбасшылық жағдайын зерттеді. Әйел-саясаткер өзінің мінез-құлқы мен қарым-қатынасында дағдарысты басқарудың гендерлік және ерікті үлгісін икемді түрде біріктірді. Ол тиімді жоспарлау және үйлестіру дағдыларын сәтті көрсетті, делдалсыз қоғаммен тікелей сөйлесті, анық, адал, дәйекті, сенімді және эмпатикалық (репортаж кезінде ол өзіне жылауға рұқсат берді), төтенше белгісіздік, дағдарыс және дәстүрлі коммуникация нысандарына сенімсіздік жағдайында табандылық пен жанашырлықтың икемді үйлесімін көрсетті.

Қоғамдық денсаулық сақтаудың халықаралық жүйелерінің коммуникациялық стратегияларын одан әрі дамыту үшін Испания тәжірибесі үлкен қызығушылық тудырады. Бұл елде мемлекет, денсаулық сақтау жүйесі және халық арасындағы тиімді байланыс тек «жоғарыдан төменге» ғана емес, сонымен қатар «төменнен жоғары» және «тік-көлденең» қағидаттары бойынша құрылған (Pérez-Escoda, Jiménez-Narros, Perlado-Lamo-de-Espinosa, Pedrero-Esteban, 2020). Осындай өзара әрекеттесуді құрудың мысалы ретінде биліктің әлеуметтік желілерде және Twitter-де #EsteVirusLoParamosUnidos арнайы хэштегін пандемия кезінде елдегі қоғамдық денсаулық дағдарысына қатысты маңызды ақпаратты ұсыну бастамасын айтуға болады.

Цифрлық медиа феномені және оларды медициналық жаңалықтар, COVID-19, денсаулық және қоғамдық денсаулық дағдарысы туралы ақпараттың негізгі ақпарат көзі ретінде халықтың пайдалану ерекшеліктері де жақсы зерттелген (Brennen, Simon, Howard, Nielsen, 2020). Авторлар цифрлық ақпарат құралдарының екіұштылығын атап өтеді: бір жағынан, олар тиімділік талабына және медициналық ақпаратқа кедергісіз тікелей қол жеткізуге жауап береді, екінші жағынан, жалған ақпарат пен жалған жаңалықтарды жасау және тез таратуға қарсы қабілетке ие.

Бірқатар зерттеушілер COVID-19 тәжірибесінің медианы өзгертуге салдары туралы сұрақтарды зерттеді. Оның ішінде осындай мәселелер көтеріліп тұр: дәстүрлі және дәстүрлі емес БАҚ арасындағы бәсекелестіктің күшеюі, кәсіби

емес, «азаматтық» журналистер рөлінің артуы, жалған ақпараттың, «фейктердің» таралуы, әділетсіз бәсекелестіктің тәсілі ретінде және жаңалықтардың күн тәртібі акторлар арасында назар аудару «хайп» әсері, бұқаралық ақпарат құралдарын цифрландыру (Casero-Ripollés, 2020). Зерттеуші АҚШ-ты қоспағанда, қазіргі заманғы барлық елдерде БАҚ трансформациясының жаһандық сипатын және халықтан ақпарат алу арналарының теледидардан әлеуметтік желілерге ауысуын атап өтеді. Автор 2020 жылдың наурыз айында COVID-19-ның халықтың денсаулық сақтау ақпаратын тұтыну тәжірибесіне әсері туралы бірқатар лонгитюдтік зерттеулер жүргізген американдық Pew Research Center зерттеу орталығының онлайн сауалнама деректеріне сілтеме жасайды. Зерттеу нәтижелері пандемия кезінде дәстүрлі БАҚ пен журналистердің ақпарат көзі ретіндегі беделінің бірте-бірте қалпына келуі және өсу үдерісі болғанын көрсетті. Дегенмен, зерттеулер, әсіресе денсаулық дағдарысына дейінгі кезеңмен салыстырғанда, цифрлық медианың танымалдылығының артқанын көрсетті. Бұл, ғалымдардың пікірінше, тұтынушы мен оның сенімі үшін қатаң бәсекелестік жағдайында ескі БАҚ жаңа медиамен қатар өмір сүретінін және жаңа медиа тәртібінің легитимациясын көрсетеді.

Инфодемия, COVID-19 кезеңінде барлық мемлекеттер мен қоғамдар жаппай кездескен феномен ретінде де зерттеу нысанына айналды (Porat, Nyrup, Calvo, Paudyal, Ford, 2020). Инфодемия – бұл ақпараттың шамадан тыс көптігінің құбылысы, олардың кейбіреулері сенімді, ал кейбіреулері жалған, қате, әдейі немесе кездейсоқ бұрмаланған. Медициналық инфодемия – инфекциялар мен пандемиялардың таралуы жағдайында жағымсыз және өте қауіпті құбылыс. Инфодемия жағдайында халық пен мақсатты топтар үшін сенімді ақпарат көздерін, негізделген шешімдер қабылдау және медициналық қорғау шараларын таңдау үшін сенімді ұсыныстарды табу қиын. Инфодемия адамдардың психологиялық жағдайына теріс әсер етеді, дүрбелең, депрессия, бұзылыстарды тудырады және олардың қауіпсіз мінез-құлқын басқаруды қиындатады. Британдық ғалымдар өз жұмыстарында пандемия кезінде әртүрлі елдердің үкіметтері мен денсаулық сақтау жүйесіне деген сенім деңгейін салыстырды. Ұлыбританиядағы пандемия кезінде инфекция туралы әртүрлі ресми және бейресми көздерден (премьер-министрден бастап, ковид ауруханаларындағы дәрігерлер мен пациенттердің әлеуметтік желілердегі

түсініктемелерімен аяқтап) алынған қарама-қайшы медициналық ақпарат ағынын талдай отырып, ғалымдар медициналық төтенше жағдай жағдайында және қалыпқа келтіру кезеңінде ақпараттық науқанды жүзеге асыру үшін 5 нұсқаулық ұсынды:

1. коммуникациялардың инклюзивтілігі;
2. мемлекеттік басқару мен денсаулық сақтау жүйесінің ашықтығы
3. денсаулық сақтау автономиясы;
4. медициналық ақпаратты өндіру мен тұтынуды бақылау мен шектеулердің жиынтығы;
5. халықтың және мақсатты топтардың медициналық ақпарат көздерін саналы таңдау құқығын сақтауы.

Британдық ғалымдар (Christensen, Lægreid, 2020) Австралияның, Германияның және Тайваньның коммуникациялық стратегияларын салыстырып, оларды халықпен өзара әрекеттесу және осы елдердің мемлекеттік басқару жүйесі мен денсаулық сақтау жүйесіне азаматтардың сенімін ілгерілету үшін коммуникациялық стратегиялар ретінде бұл ұсыныстарды ең сәтті жүзеге асырды деп бағалады. АҚШ пен Ұлыбританияда, зерттеу нәтижелері көрсеткендей, ресми ақпаратқа айтарлықтай аз сенеді. Ал Ұлыбританияда пандемия басталған кездегі нашар саясат үкіметке деген сенімсіздіктің күшеюіне әкелді, бұл елдің «ұжымдық иммунитеті» стратегиясы әдейі «әлеуметтік инженериядағы мейірімсіз эксперимент болды ма?» деген сұрақтар туындады.

Басқа ғалымдар Ковид ауруханаларының дәрігерлері мен пациенттерімен сұхбат мысалын қолдана отырып, халықпен және пациенттермен медициналық және медициналық қарым-қатынас процестеріне мәдени және этикалық факторлардың әсер ету және ескеру мәселесін зерттеді (Jin, Pang, Smith, 2018). Мақсатты топтардың этикалық, мәдени және психологиялық ерекшеліктерін ескермей, пандемия кезінде тиімді коммуникация мен басқаруды, азаматтардың әлеуметтік нормаларды сақтауын күту қиын. Этикалық қарым-қатынас ең жақсы қарым-қатынас тәжірибесінің критерийі болып табылады, өйткені бұл денсаулық сақтау ұйымының беделі, сенімділігі және тіпті қызметкерлердің моральдық деңгейі үшін өте маңызды.

Бірқатар қытай ғалымдары өздерінің эмпирикалық зерттеулерінде тиімді құрылған коммуникациялар мен үкімет қабылдаған шаралар және алдын алу шаралары туралы нақты және тиісті медициналық ақпаратты адекватты түрде ұсыну пандемияның психологиялық әсері-

нің азаюына және пандемия кезінде халықтың алаңдаушылық деңгейінің төмендеуіне ықпал ететінін көрсетті. Сонымен бірге әлеуметтік желілерде «өлтіруші вирус» ретінде COVID-19 туралы жалған ақпараттың таралуы мақсатты топтар арасында қауіптілік сезімін дәйекті түрде сақтап, депрессияны және агрессивті, бақыланбайтын мінез-құлықты тудырды (Li, Yang, Dou, 2020).

Ресейлік тұрғындармен ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізу тәжірибесі, зерттеушілердің пікірінше, медициналық жағдайды бағалау және халықпен жұмыс істеу үшін жаппай социологиялық сауалнаманы кеңінен қолдандың мысалы ретінде қызығушылық тудырады (Богатырев, 2021).


Тұрғындардан ақпаратты жинау және өңдеу, жүйелі түрде кері байланыс алу процесінде ресейлік ғалымдар мемлекет, медициналық ұйымдар және қоғамдық құрылымдар арасындағы байланыстың тиімділігін бағалауға мүмкіндік беретін көрсеткіштерді нақтылады (Кутумова, Бабенко, Пухова, Бабенко, 2020).

Қазақстанда және Орталық Азияда мемлекет, медицина және қоғам арасында пандемия кезінде тиімді коммуникацияны құру тақырыбын проблемаландыру, алдын алу және қорғау шараларының халыққа әсер ету тиімділігін бағалау және оны жүзеге асырудың күшті және әлсіз жақтарын талдау әлі толық көрініс тапқан жоқ. Атап айтқанда, қазақстандық ғалымдар COVID-19 пандемиясы кезінде Қазақстанның бұқаралық ақпарат құралдарында ақпарат таратудың басым әдістерін талдау, пандемия кезіндегі қазақстандық БАҚ, саяси билік пен Қазақстан дәрігерлері арасындағы қарым-қатынасты, БАҚ-та дәрі-дәрмек пен құрал-жабдық тапшылығы, БАҚ сарапшылары мен балама қоғамдық пікір көшбасшыларының пікірлерін жариялау және т.б. мәселелерін көтереді (Телжан, 2022; Прилуцкая, Мендуалиева, Корацца, 2022). Денсаулық сақтау жүйесінің барлық кемшіліктеріне және осы кезеңде біздің мемлекет пен денсаулық сақтау жүйесіне тап болған басқару жүйесіндегі тәуекелдерге қарамастан, COVID-19 індетімен күресте ақпараттық қолдаудың ең жаңашыл, таңқаларлық және есте қаларлық элементтері вакцинацияны насихаттау үшін ресми және бейресми қоғамдық пікір көшбасшыларының суреттерін пайдалану болды (1-сурет).

Айта кету керек, бұл әдіс Ресей Федерациясында да пандемияға қарсы ақпараттық қолдау көрсетуде сәтті қолданылған. (2-сурет).



1-сурет – Қазақстандағы қоғамдық пікір көшбасшыларының қатысуымен профилактикалық және ақпараттық-түсіндіру жұмыстарында көрнекі жарнаманы қолдану мысалы



2-сурет – Ресейдегі қоғамдық пікір көшбасшыларының қатысуымен профилактикалық және ақпараттық-түсіндіру жұмыстарында көрнекі жарнаманы қолдану мысалы

COVID-19 пандемиясы жағдайында мемлекеттік басқару жүйелері, денсаулық сақтау және халық арасында ақпараттық қамтамасыз етуді және коммуникацияны жүзеге асырудың үлгілері мен әдістерін таңдаудың халықаралық тәжірибесіне шолуды қорытындылай келе, ғалымдардың бұған лайықты назар аударуы туралы қорытынды жасауға болады. Дегенмен, жеке мақалалардың көптігіне қарамастан, білімнің осы саласында іргелі теориялық немесе қолданбалы жұмыстар әлі де жетіспейді.

Зерттеудің әдістері мен материалдары

Қарағанды облысында COVID-19 пандемиясы жағдайында жаңа респираторлық ин-

фекциялардың таралуының алдын алу бойынша профилактикалық жұмыстарды ақпараттық қамтамасыз етудің тиімділігін бағалау бойынша эмпирикалық деректер 2022 жылдың ақпан-наурыз айларында Қарағанды медицина университетінің және академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің қызметкерлері жүргізген кешенді әлеуметтік-психологиялық зерттеуді жүзеге асыру барысында алынды.

Зерттеу Қарағанды облысында жүргізілді (ұзақтығы – 60 күнтізбелік күн) және аралас сипатта болды: іріктеуге облыс тұрғындары кірді. Сауалнамаға 1000 адам қатысты (1-кесте).

Ақпаратты жинау әдістемесі – сауалнама түріндегі жаппай сандық үздіксіз зерттеу болып табылады.

1-кесте – Тексеріліп жатқан адамдардың сандық іріктемесі

№	Сипаттама	Барлығы
1	Жалпы үлгі өлшемі	1000
2	Жынысы	
	- әйелдер	502
	- ерлер	408
3	Орта жасы	44,2
4	Жасы	
	18-29	222 (ер -112, әйел – 100)
	30-39	238 (ер – 117, әйел – 121)
	40-55	244 (ер – 110, әйел – 134)
56 және одан жоғары	296 (ер – 136, әйел – 160)	

Сауалнама 41 сұрақтан тұрады, оның ішінде әлеуметтік-демографиялық блоктан – 8 сұрақ. Сауалнама 4 тақырыптық блокқа бөлінген.

Сауалнама логикалық өзара байланысты сұрақтар жиынтығы болып табылады. Сауалнаманың құрамы:

1) Кіріспе бөлімі: респондентке үндеу жасап, сауалнаманы толтыру ережелерін түсіндіреді.

2) Мазмұндық бөлімі: сауалнама мәтінінде ерекшеленген сұрақтар блоктарына шартты түрде бөлінген тақырыптың мәнін ашады.

3) Қорытынды бөлімі. Әлеуметтік-демографиялық блок: респонденттің жеке басына (жынысы, жасы, қызметі және т.б.) бағытталған әлеуметтік-демографиялық сипаттағы сұрақтарды ұсынады.


Сауалнама сұрақтары негізінен жабық және жартылай жабық сипатта болды.

Сауалнамада сұрақтары мен жауап категорияларының тігінен орналасқан. Бірқатар сұрақтар кесте түрінде берілген, осылайша тақырыпқа қатысының егжей-тегжейлерін нақтылау мүмкіндігін ұсынады. Респонденттердің сауалнаманы толтыру уақыты 30 минуттан аспайды. Қазақ және орыс тілдерінде жасалған анкета сауалнама өткізу барысында респонденттерге Googleform арқылы офф-лайн/бетпе-бет форматында да, on-line режимінде де ұсынылды.

Әлеуметтанулық сауалнама нәтижесінде алынған мәліметтер MS Excel электрондық кестелік редакторы, SPSS статистикалық пакеті, «Excel» немесе «Statistika» бағдарламалары, сипаттамалық статистика әдістерін қолдану арқылы талданды.

Нәтижелер және талқылаулар


Профилактикалық және ақпараттық-түсіндіру жұмыстарының тиімділігінің маңызды көрсеткіші халықтың белгілі бір аурудың қауіптілігі туралы хабардар болу деңгейі, алдын алу шаралары мен қауіпсіздік техникасын сақтау және т.б. Сауалнама нәтижелері көрсеткендей, Қарағанды облысының тұрғындары COVID-19 коронавирустық инфекциясы туралы хабардар болу деңгейін жоғары бағалайды. 76,1%-ы «Жеткілікті хабардар», тағы 9,0%-ы «Толық хабардар» деген жауапты таңдады. Респонденттердің тек 7,7%-ы өздерінің хабардарлық деңгейіне күмән келтірді – бұл негізінен жастар, ерлер, ауыл тұрғындары, өзін-өзі жұмыспен қамтығандар (3-сурет).



3-сурет – «COVID-19 туралы хабардар болу деңгейіңізді бағалаңыз» деген сұраққа жауаптар

Пандемия кезіндегі респонденттердің ақпараттық және тақырыптық қалауларының құрылымы халықтың аурудың қауіптілігін біртіндеп сезінуімен және адамдардың өз отбасы мен жақындарының денсаулығына психологиялық алаңдаушылығымен анықталды. Сауалнамаға қатысқан респонденттердің жартысынан астамы

БАҚ-тағы инфекция қаупі және COVID-19-дан қорғану әдістері туралы ақпаратқа қызығушылық танытты – сәйкесінше 55,3% және 45,1%. Респонденттердің шамамен 1/3 бөлігі сырқаттанушылық статистикасы туралы ақпаратты және күйзеліске төтеп беру бойынша кеңестерді іздеді – сәйкесінше 35,1% және 30,1% (4-сурет).



4-сурет – «Пандемия басталғаннан бері Сізді қандай ақпарат көбірек қызықтырды?» деген сұраққа жауаптар

Пандемия қаупі туралы халықтың хабардар болу деңгейі және дәрігерлер мен мемлекеттік қызметкерлердің коронавирустық инфекцияның таралуын болдырмау бойынша қабылдап жатқан

шаралары сауалнама нәтижелері көрсеткендей, халықтың мінез-құлқы мен күнделікті тәжірибесіне тікелей әсер етті. Вакцинациямен қамтуды және еріктілікті қоса алғанда (2-кесте).

2-кесте – «Сіз вакцинация алдыңыз ба?» деген сұраққа жауаптар

Жауап нұсқасы	Пайыздар	Хабардар болу %
Иә, өз еркімен	65,4	81,7
Иә, мәжбүрлеп	15,4	12,5
Екпе алған жоқпын, бірақ менде вакцинация паспорты бар	1,1	0,3
Екпе алған жоқпын, бірақ анықтама бар	0,3	0,2
Жоқ, мен мүлдем жасамаймын	6,1	0,1
Жоқ, бірақ мен барамын	6,9	3,1
Жоқ, медициналық себептер бойынша	4,9	2,1

Зерттеу нәтижелері қазіргі қоғамда интернет пен әлеуметтік желілердің пайда болуымен халықты ақпарат көздерінің құрылымы өзгеріп жатқанын растады. Дәстүрлі баспа БАҚ – газеттер, журналдар – және дәстүрлі электронды БАҚ – теледидар қоғамдық санаға абсолютті ықпалын жоғалтады. Интернет, әлеуметтік желілер және «бейресми пікір көшбасшылары» – блогерлер – барған сайын маңызды бола түсуде.

Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, дәстүрлі БАҚ танымалдығы, сенім деңгейі және тақырыбына қарамастан ақпарат және жаңалықтар көзі ретінде оларға қол жеткізу жиілігі бойынша Интернет пен әлеуметтік желілерден айтарлықтай төмен. Сонымен қатар, келесі корреляция анықталды: респонденттер неғұрлым жас болса, соғұрлым олар бос уақытын Интернетте жиі өткізеді және әлеуметтік желілерден ақпарат алуды қалайды (3-кесте).

3-кесте – «Ақпарат алу үшін қандай БАҚ пайдаланасыз?» деген сұраққа жауаптар. Жауаптардың қосындысы 100% тең емес, өйткені бірнеше таңдау жауаптары қолданылған

БАҚ	18-29 жас аралығы	30-45 жас аралығы	45 жастан жоғары
Теледидар	12,8	22,6	45,1
Радио	5,3	12,9	10,3
Газеттер мен журналдар	0,8	2,8	4,4
Интернет пен Әлеуметтік желілер	88,4	67,2	59,1
Достар, көршілер	10,6	15,5	22,1
